

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰАК» АҚ

БАСШЫЛЫҚТЫҢ: 2022 ЖЫЛҒЫ 30 ҚЫРКҮЙЕКТЕ АЯҚТАЛҒАН ҮШ ЖӘНЕ ТОҒЫЗ АЙ БОЙЫНША ҚЫСҚАРТЫЛҒАН АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ (АУДИТТЕЛМЕГЕН) ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕСІ

Төменде берілген мәлімдеме тәуелсіз аудиторлардың және басшылықтың «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық Атом Компаниясы» АҚ («Компания») және оның еншілес кәсіпорындарының (бұдан әрі бірлесіп – «Топ») 2022 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған үш және тоғыз ай бойынша қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілігі қатысты жауапкершілігін шектеу мақсатында жасалды.

Топ басшылығы 2022 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша Топтың шоғырландырылған қаржылық ахуалы, сонымен қатар оның қызметінің нәтижелері, көрсетілген күнге аяқталған жылдың ішіндегі ақша қаражатының қозғалысы және капиталдағы өзгерістер Халықаралық қаржылық есептілік стандартына (ХҚЕС) сәйкес шынайы көрсетілген Топтың 2022 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған үш және тоғыз ай бойынша қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілігіне қатысты оларды дайындау үшін жауап береді.

Қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық:

- есепке алу саясатының қағидаттарын дұрыс таңдау және қолдану;
- ақпаратты, соның ішінде есепке алу саясаты туралы ақпаратты осындай ақпараттың орындылығын, шынайылығын, салыстырмалылығын және түсініктілігін қамтамасыз ететін нышанда ұсыну;
- ХҚЕС талаптарын орындау пайдаланушылардың есептілікті, қандай да бір мәмілелердің, сонымен қатар өзге де оқиғалардың немесе шарттардың Топтың шоғырландырылған қаржылық ахуалына және қызметтің шоғырландырылған қаржылық нәтижелеріне ететін әсерін түсінуі үшін жеткіліксіз болған жағдайларда, қосымша ақпаратты ашып көрсету; және
- Топтың келешек көз жетерлік уақыттарда қызметті жалғастыруға қабілеттілігін бағалау үшін жауапкершілікте болады.

Басшылық сонымен қатар келесі іс-шараларға жауапты:

- Топтың барлық кәсіпорындарында тиімді және сенімді ішкі бақылау жүйесін әзірлеу, енгізу және қолдау;
- есепке алуды Топтың мәмілелерін ашып көрсетуге және түсіндіруге, сонымен қатар Топтың шоғырландырылған қаржылық ахуалы туралы жеткілікті түрде дәл ақпаратты кез келген күн бойынша ұсынуға және шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ХҚЕС талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін нышанда жүргізу;
- бухгалтерлік есепті Қазақстан Республикасының заңнамасына және бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес жүргізу;
- Топ активтерінің сақталуын қамтамасыз ету бойынша барлық орынды ықтимал шараларды қабылдау; және
- қаржылық және өзге теріс пайдаланушылық фактілерін болдырмау және айқындау.

Топтың 2022 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған үш және тоғыз ай бойынша қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілігін басшылық 2022 жылғы 24 қарашада бекітті.



Қожа-Ахмет Д.А.
Экономика және қаржы
жөніндегі бас директоры



«Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ

**2022 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған
үш және тоғыз айға арналған**

**Қысқартылған аралық шоғырландырылған
қаржылық есептілік
(аудиттелмеген)**

Мазмұны

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ШОЛУ АРҚЫЛЫ ТЕКСЕРУ ЕСЕБІ

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Пайда немесе шығын және өзге де жиынтық кіріс туралы қысқартылған аралық шоғырландырылған есеп	1
Қаржылық жағдай туралы қысқартылған аралық шоғырландырылған есеп	2
Ақша қаражатының қозғалысы туралы қысқартылған аралық шоғырландырылған есеп	3
Капиталдағы өзгерістер туралы қысқартылған аралық шоғырландырылған есеп	4

Қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер

1 Жалпы ережелер	5
2 Қысқартылған аралық қаржылық есептілікті дайындаудың негізгі қағидаттары	7
3 Есеп саясатының негізгі қағидаттары	7
4 Есеп саясатын қолданудағы маңызды есептік бағалаулар мен кәсіби пайымдар	8
5 Сегменттік ақпарат	9
6 Байланысты тараптармен есеп айырысу және операциялар	11
7 Түсім	13
8 Сатудың өзіндік құны	13
9 Сату бойынша шығыстар	14
10 Жалпы және әкімшілік шығыстар	14
11 Активтердің құнсыздануынан болған шығындар және құнсызданудан болған шығындарды қалпына келтіру	15
12 Өзге де кірістер	15
13 Бағамдық айырмашылық бойынша басқа шығындар мен таза пайда	16
14 Қаржылық кірістер мен шығыстар	16
15 Табыс салығы бойынша шығыстар	17
16 Бір акцияға шаққандағы пайда және бір акцияның баланстық құны	17
17 Негізгі құралдар	18
18 Өндіріске дайындау бойынша шығындар	19
19 Жер қойнауын пайдалану құқығы	20
20 Барлау және бағалау активтері	20
21 Қауымдасқан кәсіпорындарға инвестициялар	20
22 Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар	24
23 Басқа инвестициялар	27
24 Дебиторлық берешек	27
25 Басқа активтер	28
26 Қорлар	28
27 Байланысты тараптарға берілген қарыздар	29
28 Ақша қаражаты және олардың баламалары	29
29 Капитал	29
30 Кредиттер және қарыздар	30
31 Кредиторларға берешек	30
32 Резервтер	30
33 Басқа міндеттемелер	31
34 Шартты және шарттық міндеттемелер	32
35 Қаржы құралдарының өділ құны	33
36 Бақыланбайтын үлес	34
37 Есепті кезең аяқталғаннан кейінгі оқиғалар	37



Қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікті шолып тексеру нәтижелері бойынша есеп

«Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ Акционерлері, Директорлар Кеңесі мен Басшылығына

Кіріспе

Біз «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ және оның еншілес компанияларының 2022 жылғы 30 қыркүйек берілген жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы қысқартылған аралық шоғырландырылған есептілікке, белгіленген күнмен аяқталған үш және тоғыз ай аралығына тиісті қысқартылған аралық шоғырландырылған пайда немесе шығын және жиынтық табыс туралы, тоғыз ай аралығына тиісті белгіленген күнмен аяқталған капиталдағы өзгерістер туралы және ақша қаражаттарының ағындары туралы есептіліктерге, сондай-ақ тиісті түсіндірме жазбаларға шолу тексеру жүргіздік. Басшылық осы қысқартылған аралық шоғырландырылған есептілікті «Аралық қаржылық есептілігі» атты 34 Халықаралық Қаржылық Есептіліктің Стандартына (IAS) сәйкес дайындалғаны және көрсетілгені үшін жауапты. Біздің жауапкершілігіміз жүргізілген шолып тексерудің негізінде бұл қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы қорытынды қалыптастыру болып табылады.

Шолып тексерудің көлемі

Біз шолып тексеруді 2410 «Компанияның тәуелсіз аудиторы жүргізетін аралық қаржылық ақпаратының шолып тексеруі» Халықаралық шолып тексерулер стандартына сәйкес жүргіздік. Аралық қаржылық ақпаратының шолып тексеруі лауазымды адамдардан сауалнама алу негізінде, ең алдымен қаржылық және бухгалтерлік сұрақтарға жауапты адамдардан жауап алумен және талдау мен өзге де рәсімдерден тұрады. Шолып тексеруінің көлемі Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиторлық тексеруден елеулі аз, сондықтан шолып тексеру бізге аудит кезінде айқындала алатын барлық маңызды мәселелердің белгілі болатындығына сенімділік алуға жағдай туғызбайды. Тиісінше, біз аудиторлық пікір білдірмейміз.

Қорытынды

Өткізілген шолып тексерудің нәтижесінде қоса тіркелген қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілігі барлық елеулі аспектілерінде, «Аралық қаржылық есептілігі» атты 34 Халықаралық Қаржылық Есептіліктің Стандартына сәйкес дайындалмағанын көрсететін еш бір факт біздің назарымызды аудартпады.

PricewaterhouseCoopers LLP

2022 жылғы 24 қараша
Астана, Қазақстан

«Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ

Пайда немесе шығын және өзге де жиынтық кіріс туралы қысқартылған аралық шоғырландырылған есеп

Қазақстандық миллион теңгемөн	Ескер тпе	Аяқталған үш ай үшін		Аяқталған тоғыз ай үшін	
		2022 жылғы 30 қыркүйек (аудиттелмеген)	2021 жылғы 30 қыркүйек (аудиттелмеген)	2022 жылғы 30 қыркүйек (аудиттелмеген)	2021 жылғы 30 қыркүйек (аудиттелмеген)
Түсім	7	285,831	95,810	779,547	331,311
Өткізудің өзіндік құны	8	(151,590)	(59,498)	(443,122)	(213,543)
Жалпы пайда		134,241	36,312	336,425	117,768
Сату бойынша шығыстар	9	(6,347)	(2,594)	(16,939)	(6,236)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	10	(9,316)	(8,068)	(28,090)	(24,567)
Қаржы активтерінің құнсыздануынан болған таза (шығын)/шығынды қалпына келтіру	11	(32)	(313)	101	(233)
Таза (шығын) / қаржылық емес активтердің құнсыздануынан шығынды қалпына келтіру	11	(258)	1,651	57	580
Бағамдық айырма бойынша таза пайда / (шығын)	13	417	(927)	17,543	2,110
Өзге де кірістер	12	12,910	625	15,223	2,166
Өзге де шығыстар	13	(1,228)	(3,628)	(10,377)	(7,805)
Қаржылық кірістер	14	3,336	2,704	14,168	5,471
Қаржылық шығыстар	14	(2,366)	(1,618)	(6,351)	(4,625)
Қауымдасқан кәсіпорындар нәтижелеріндегі үлес	21	34,211	2,759	51,671	14,815
Бірлескен кәсіпорындар нәтижелеріндегі үлес	22	2,311	366	8,188	2,334
Салық салынғанға дейінгі пайда		167,879	27,269	381,619	101,778
Табыс салығы бойынша шығыстар	15	(28,970)	(6,519)	(75,336)	(22,942)
КЕЗЕҢДЕГІ ПАЙДА		138,909	20,750	306,283	78,836
Басқа жиынтық табыс / (шығын) <i>Пайда немесе шығындар құрамына көйіннен қайта жіктелуі мүмкін баптар:</i> Шетелдік функционалдық валютасы бар кәсіпорындар бойынша бағамдық айырма		13	(15)	454	78
Өзге де жиынтық кіріс	14	14	-	14	7
Кезең ішіндегі өзге жиынтық (шығын) / кіріс		27	(15)	468	85
КЕЗЕҢ ІШІНДЕГІ БАРЛЫҚ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС		138,936	20,735	306,751	78,921
Кезең ішіндегі мыналарға қатысты пайда: - компанияның меншік иелеріне - бақыланбайтын үлес		123,688 15,221	2,883 17,867	244,872 61,411	50,568 28,268
Кезеңдегі пайда		138,909	20,750	306,283	78,836
Кезең ішіндегі мыналарға қатысты барлық табыстың жиынтығы: - Компанияның меншік иелеріне - бақыланбайтын үлес		123,710 15,226	2,868 17,867	245,340 61,411	50,650 28,271
Кезең ішіндегі барлық жиынтық табыс		138,936	20,735	306,751	78,921
Меншік иелеріне жатқызылатын кезең ішіндегі пайда негізінде есептелген қарапайым акцияға базалық және таратылған пайда (акцияға теңгемен)	16	477	11	944	195

Осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікті басшылық 2022 жылғы 24 қарашада бекітті:

Қожа Әсет Д.А.
Экономика және қаржы
жөніндегі бас
директордың м.а.

Жақыпбекова С.Ж.
Бас бухгалтер



Қоса беріліп отырған ескертпелер осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігін құрайды.

«Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ
Қаржылық жағдай туралы қысқартылған аралық шоғырландырылған есеп

Қазақстандық миллион теңгемен	Ескерт пе	2022 жылғы 30 қыркүйек (аудиттелмеген)	2021 жылғы 31 желтоқсан
АКТИВТЕР			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар	17	172,539	171,487
Өндіріске дайындау бойынша шығындар	18	151,104	138,673
Жер қойнауын пайдалану құқығы	19	533,015	552,957
Барлау және бағалау активтері	20	26,208	24,378
Инвестициялық мүлік		2,038	2,065
Материалдық емес активтер		58,562	58,940
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер		179	838
Қауымдасқан кәсіпорындарға инвестициялар	21	130,098	116,892
Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар	22	39,056	37,803
Өзге инвестициялар	23	27,481	238
Кейінге қалдырылған салық активтері		26,020	30,689
Байланысты тараптарға берілген қарыздар	27	3,485	5,493
Өзге активтер	25	54,082	39,295
Ұзақ мерзімді активтер жиыны		1,223,867	1,179,748
Қысқа мерзімді активтер			
Дебиторлық берешек	24	227,973	220,138
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		16,799	7,526
Өтелуі тиіс ҚҚС		65,728	46,447
Қорлар	26	317,067	275,856
Байланысты тараптарға берілген қарыздар	27	3,652	3,357
Басқа инвестициялар	23	10,003	4,986
Банктердегі мерзімді депозиттер		8	43,220
Ақша және олардың баламалары	28	238,793	161,190
Өзге активтер	25	39,354	7,823
Қысқа мерзімді активтер жиыны		919,377	770,543
Сатуға арналған ретінде жіктелетін шығатын топтардың активтері	1	850	1,213
БАРЛЫҚ АКТИВТЕР		2,144,094	1,951,504
КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	29	37,051	37,051
Қосымша төленген капитал		2,539	2,539
Резервтер		2,334	1,866
Бөлінбеген пайда		1,165,871	1,148,387
Компанияның меншік иелеріне жатқызылатын капитал	36	1,207,795	1,189,843
Иеленудің бақыланбайтын үлесі		327,451	347,258
БАРЛЫҚ КАПИТАЛ		1,535,246	1,537,101
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Кредиттер және қарыздар	30	86,100	77,700
Резервтер	32	34,350	32,192
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері		117,708	121,101
Қызметкерлерге сыйақы		1,143	1,168
Басқа міндеттемелер	33	9,877	23,420
Ұзақ мерзімді міндеттемелер жиыны		249,178	255,581
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Кредиттер және қарыздар	30	7,051	11,317
Резервтер	32	8,104	869
Кредиторларға берешек	31	115,503	66,014
Басқа да салықтар мен міндетті төлемдер бойынша міндеттемелер		16,208	17,973
Қызметкерлерге сыйақы		132	215
Табыс салығы бойынша міндеттемелер		15,356	5,096
Өзге міндеттемелер	33	197,316	57,338
Қысқа мерзімді міндеттемелер жиынтығы		359,670	158,822
БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР		608,848	414,403
БАРЛЫҚ КАПИТАЛ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР		2,144,094	1,951,504
Бір акцияның баланстық құны (теңгемен)	16	5,694	5,699

Осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікті басшылық 2022 жылғы 24 қарашада бекітті:

Қожа Ахмет Д.А.
 Экономика және қаржы
 жөніндегі бас
 директордың м.а.

Жақыпбекова С.Ж.
 Бас бухгалтер

Қоса берілген отырған ескертпелер осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігін құрайды.

«Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ
Ақша қаражатының қозғалысы туралы қысқартылған аралық шоғырландырылған есеп

Қазақстандық миллион теңгемен	Аяқталған тоғыз ай үшін		
	Ескертпе	2022 жылғы 30 қыркүйек (аудиттелмеген)	2021 жылғы 30 қыркүйек (аудиттелмеген)
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ			
Сатып алушылардан ақша қаражатының түсуі		970,553	413,306
Бюджеттен ҚҚС қайтару		33,532	30,757
Алынған сыйақы		8,098	2,970
Жеткізушілерге төлемдер		(460,781)	(242,426)
Жұмыскерлерге төлемдер		(51,706)	(37,108)
Төленген табыс салығы		(75,363)	(63,918)
Төленген басқа да салықтар		(69,214)	(38,564)
Төленген сыйақы		(3,464)	(3,162)
Өзгесі		19,780	11,466
Операциялық қызметтен түсетін ақша қаражатының ағындары		371,435	73,321
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ			
Негізгі құралдарды сатып алу		(10,679)	(10,326)
Негізгі құралдардың жұмсалудан түсетін түсімдер		1,202	67
Материалдық емес активтерді сатып алу		(753)	(414)
Кен орнын игеру бойынша активтерді сатып алу		(31,081)	(17,611)
Барлау және бағалау активтерін сатып алу		(2,749)	(805)
Қысқа мерзімді бағалы қағаздарды сатып алу		(80,219)	(91,017)
Еурооблигацияларды сатып алу		(8,804)	-
Қысқа мерзімді бағалы қағаздарды өтеуден түскен кірістер		75,879	76,373
Мерзімді салымдарды және пайдаланылуы шектелген ақша қаражатын орналастыру		(6,999)	(49,209)
Мерзімді салымдарды және пайдаланылуы шектелген ақша қаражатын өтеу		44,688	6,350
Қарыздарды өтеу		2,608	2,346
Басқа инвестицияларды сатып алу		(12,368)	-
Қауымдасқан кәсіпорындардан, бірлескен кәсіпорындардан және өзге де инвестициялардан алынған дивидендтер		40,483	14,617
Өзгесі		(2,475)	(1,024)
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының ағындары		8,733	(70,653)
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ			
Кредиттер мен қарыздардан түсетін түсімдер		-	29,003
Кредиттер мен қарыздарды өтеу		(3,500)	(39,144)
Жалдау бойынша төлемдер		(146)	(367)
Еншілес ұйымға қатысу үлесін сату		-	185,858
Еншілес ұйымдардың өзге қатысушыларға дивидендтер төлеуі		(81,220)	(19,998)
Акционерлерге дивидендтер төлеуі		(227,388)	(150,082)
Қаржы қызметінде пайдаланылған ақша қаражатының ағындары		(312,254)	5,270
Ақша қаражаты және оның баламаларының таза ұлғаюы		67,914	7,938
Кезең басындағы ақша қаражаты және олардың баламалары		161,190	113,347
Валюта бағамдары өзгерістерінің ақша қаражаты мен олардың баламаларына әсері		9,685	624
Ақша қаражаты мен олардың баламаларының құнсыздануына арналған резервтегі өзгеріс		4	(2)
Кезең соңындағы ақша қаражаты және олардың баламалары	28	238,793	121,907

Осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікті басшылық 2022 жылғы 24 қарашада бекітті:



Қожа-Ахмет Д.А.
 Экономика және қаржы
 жөнінен бас
 директордың м. а.

Жақыпбекова С.Ж.
 Бас бухгалтер

Қоса беріліп отырған ескертпелер осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігін құрайды.

«Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ
Капиталдағы өзгерістер туралы қысқартылған аралық шоғырландырылған есеп

Қазақстандық миллион теңгемен	Компания иелеріне тиесілі				Барлығы	Иеленудің бақыланбайтын үлесі	Барлық капитал
	Акционерлік капитал	Резервтер	Бөлінбеген пайда	Қосымша төленген капитал			
2021 жылғы 1 қаңтарға қалдық	37,051	1,666	1,029,477	4,461	1,072,655	267,137	1,339,792
Кезеңдегі пайда	-	-	50,568	-	50,568	28,268	78,836
Шетелдік қызметті аударудан бағамдық айырма	-	75	-	-	75	4	79
Өзге де жиынтық пайдалар мен залалдар	-	(3)	10	-	7	-	7
Кезең ішіндегі жиынтық табыстың барлығы (аудиттелмеген)	-	72	50,578	-	50,650	28,272	78,922
Акционерлерге жарияланған дивидендтер	-	-	(150,082)	-	(150,082)	-	(150,082)
Еңшілес ұйымдар өзге қатысушыларға жариялаған дивидендтер	-	-	-	-	-	(20,358)	(20,358)
Бақылауды жоғалтуға әкеп соқпайтын еншілес ұйымдардағы қатысу үлесіне өзгерістер	-	-	159,361	-	159,361	27,076	186,437
Еңшілес ұйымдағы қатысу үлесін кері сатып алу бойынша міндеттеме	-	-	(186,437)	-	(186,437)	-	(186,437)
Басқа операциялар	-	-	2,254	(2,024)	230	377	607
2021 жылғы 30 қыркүйекке (аудиттелмеген)	37,051	1,738	905,151	2,437	946,377	302,504	1,248,881
2022 жылғы 1 қаңтарға қалдық	37,051	1,866	1,148,387	2,539	1,189,843	347,258	1,537,101
Кезеңдегі пайда	-	-	244,872	-	244,872	61,411	306,283
Шетелдік қызметті аударудан бағамдық айырма	-	454	-	-	454	-	454
Өзге де жиынтық пайдалар мен залалдар	-	14	-	-	14	-	14
Кезең ішіндегі жиынтық табыстың барлығы (аудиттелмеген)	-	468	244,872	-	245,340	61,411	306,751
Акционерлерге жарияланған дивидендтер	-	-	(227,388)	-	(227,388)	-	(227,388)
Еңшілес ұйымдар өзге қатысушыларға жариялаған дивидендтер	-	-	-	-	-	(81,218)	(81,218)
2022 жылғы 30 қыркүйекке (аудиттелмеген)	37,051	2,334	1,165,871	2,539	1,207,795	327,451	1,535,246

Осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікті басшылық 2022 жылғы 24 қарашада бекітті:

Қазақ-Ахмет Д.А.
 Экономіка және қаржы жөніндегі бас директорының м. а.


 Жайылбекова С.Ж.
 Бас бухгалтер



Қоса беріліп отырған ескертпелер осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігін құрайды.

1 Жалпы ережелер

Ұйымдық құрылым және қызмет

«Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ (бұдан әрі - «Компания») және оның еншілес кәсіпорындары (бұдан әрі бірлесіп – «Топ» немесе «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ) арналған осы Қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілік 2022 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған үш және тоғыз ай үшін «Аралық қаржылық есептілік» 34 халықаралық қаржылық есептілік стандартына (IAS) сәйкес дайындалды.

Компания - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған акционерлік қоғам. Компания «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясын құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 14 шілдедегі № 3593 Жарлығына және «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясының мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 22 шілдедегі № 1148 қаулысына сәйкес жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын жабық акционерлік қоғам түрінде құрылды.

2022 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша Компания акцияларының 75%-ы «Самұрық-Қазына» АҚ («Бақылаушы акционер») тиесілі және акциялардың 25% - ы еркін айналымда.

Компания Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Сығанақ көшесі, 17/12 үй мекенжайы бойынша тіркелген. Негізгі қызмет орны - Қазақстан Республикасы.

Топ қызметінің негізгі түрі - уран өндіру және уран өнімін сату. Топ әлемдегі жетекші уран өндіруші компаниялардың қатарына кіреді. Бұдан басқа, Топ сирек металдарды қайта өңдеу, бериллий және тантал өнімдерін өндіру және өткізу, операциялық қызметті ғылыми сүйемелдеу жөніндегі қызметті жүзеге асырады.

Операциялық орта

Қазақстан Республикасының экономикасы дамып келе жатқан нарықтарға тән кейбір сипатты ерекшеліктерді көрсетіп келеді. Ол ел экспортының негізгі бөлігін құрайтын мұнай мен газ және басқа да минералдық шикізат бағаларының ауытқуларына ерекше сезімтал. Бұл ерекшеліктер сондай-ақ елден тыс жерлерде еркін айырбасталмайтын ұлттық валютаның болуын және қазақстандық борыштық және үлестік бағалы қағаздардың шетелдік қор нарықтарында болмашы қатысуын да қамтиды, бірақ олармен шектелмейді. Өңірдегі сақталып отырған саяси шиеленіс, оның ішінде 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап болған елеулі оқиғалар (Қазақстандағы жаппай тәртіпсіздіктер және Ресей-Украина қақтығысы) өтімділіктің төмендеуін, халықаралық қаржыландыруды тартудағы қиындықтарды және айырбас бағамының құбылмалылығын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының экономикасына теріс әсерін тигізді және көрсетуді жалғастыруы мүмкін.

2015 жылғы 20 тамызда Ұлттық банк пен Қазақстан Республикасының Үкіметі теңгенің айырбас бағамын қолдауды тоқтату және инфляциялық таргеттеу режиміне негізделген жаңа ақша-кредит саясатын іске асыру, валюталық дәлізді жою және еркін құбылмалы айырбас бағамына көшу туралы шешім қабылдады. Бұл ретте, Ұлттық банктің айырбас бағамына қатысты саясаты қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін теңгенің айырбас бағамының күрт ауытқуын болдырмау үшін интервенцияға жол береді.

Басшылық ағымдағы жағдайларда Топ қызметінің тұрақтылығы мен өсуін қолдау үшін барлық қажетті шараларды қолданатынына сенімді. Болашақ экономикалық жағдай мен нормативтік-құқықтық орта басшылықтың қазіргі үміттерінен өзгеше болуы мүмкін.

2022 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ 239 миллиард теңге мөлшеріндегі ақша қаражаты мен оның баламаларын қоса алғанда, ағымдағы таза активтердің құны 560 миллиард теңге, борыштың төмен деңгейі және пайдаланылмаған кредиттік желілердің шамамен 112 миллиард теңге (235 миллион АҚШ доллары) болатын қаржылық орнықты компания болып қала береді.

1 Жалпы ережелер (жалғасы)

Топ қызметінің нәтижелеріне әсер ететін елеулі факторлар

2022 жылдың 9 айындағы Топ қызметінің нәтижелеріне әсер еткен елеулі факторлар:

- 2022 жылдың 30 қыркүйегінде аяқталған тоғыз айдағы сату көлемінің 2021 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 59% - ға артуы негізінен клиенттердің жеткізілімге сұраныстарының түсу мерзімдеріне байланысты. Әр тоқсанның сату көлемі клиенттердің жеткізілімге деген сұраныстарының түсу мерзіміне және жеткізілім кестесіндегі сәйкес айырмашылықтарға байланысты айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін;
- Уранның спот бағасының жоғарылауына байланысты 2021 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2022 жылдың 30 қыркүйегінде аяқталған тоғыз айда уранды сатудың орташа бағасының 41%-ға өсуі. Кейбір ұзақ мерзімді келісімшарттар бойынша баға белгілеу тетіктері ағымдағы кезеңде спот бағасы көтерілгенге дейін белгіленген бағаның тіркелген базалық компоненттерін қамтиды. Нәтижесінде есепті кезеңде Топ бойынша сатудың орташа бағасының өсуі уранның споттық нарығындағы бағаның өсуіне қарағанда төмен болды;
- 2022 жылдың 30 қыркүйегінде аяқталған тоғыз ай ішінде АҚШ долларының бағамының шамамен 10% - ға өсуі (өткен кезеңмен салыстырғанда 8%). Айырбастау бағамдары 3-ескертпеде көрсетілген.

Жоғарыда аталған факторлардың барлығы ағымдағы кезеңде уран мен уран өнімдерін сатудан түскен табыстарға оң әсер етті, олар 428,150 миллион теңгеге ұлғайды (7-ескертпе).

Сату жоспарларының өсуі Топтың бірлескен және қауымдастырылған кәсіпорындарынан, сондай-ақ үшінші тараптардан U₃O₈ спот нарығындағы басым бағалар негізінде анықталған бағалар бойынша уран мен уран өнімдерін көбірек сатып алуға алып келді, нәтижесінде өткізудің өзіндік құны (сатудың таза құнына дейін қорларды есептен шығару жөніндегі шығыстарды есептемегенде) 226,454 миллион теңгеге ұлғайды (8-ескертпе).

Топтың қарыз алуының басым бөлігі АҚШ долларымен индекстеумен теңгеде номиналданған. Индекстеу нәтижесінде облигациялардың құны 7,626 миллион теңгеге өсті (30-ескертпе).

2022 жылдың 30 қыркүйегінде аяқталған кезеңдегі бағамдық айырмашылық бойынша таза пайда 2021 жылдың салыстырмалы кезеңінен 15,433 миллион теңгеге артық болды (13-ескертпе) АҚШ доллары бағамының өсуіне сәйкес, өйткені Топтың шоғырландырылған дебиторлық берешегі мен ақшалай қаражатының көп бөлігі АҚШ долларында көрсетілген.

Ресейге қарсы санкциялардың әсері

Ағымдағы тәуекелдерді бағалау бағдарламасы аясында басшылық Ресейге қарсы санкциялардың Топтың қызметіне тигізетін әсерін талдайды. Бүгінгі таңда санкциялар Топтың қызметіне айтарлықтай әсер еткен жоқ, дегенмен Ресей мен Украина арасындағы қақтығыстан туындаған нарықтық белгісіздік уранның спот бағасының, ұлттық валютаның айырбас бағамының және Компанияның бағалы қағаздарының бағасының айтарлықтай құбылуына алып келді. Есепті кезең ішінде Компания 25-ескертпеде көрсетілгендей, белгілі бір Банктік төлемдермен кейбір қиындықтарға ұшырады. 2022 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша санкциялар тізіміне енгізілген қаржы мекемелерінде орналастырылған барлық қаражат алынып, басқа қаржы институттарына ауыстырылды.

Топтың экспортталатын өнімінің бір бөлігі Ресей аумағы бойынша тасымалданады және тиісінше Ресей аумағы бойынша транзитпен де, теңіз кемелерімен жүктерді жеткізумен де байланысты тәуекелдер бар. Топ Ресейге қарсы санкциялардың жағдайын және олардың дайын өнімді Ресей аумағы арқылы тасымалдауға ықтимал әсерін бақылауды жалғастыруда. Осы қаржылық есептілік күнінде бүкіл әлем бойынша топтың клиенттеріне дайын өнімді жеткізуге байланысты ешқандай шектеулер байқалмайды. Сондай – ақ, Топтың 2018 жылдан бастап баламалы маршрут ретінде табысты пайдаланылатын Транскаспий халықаралық көлік бағыты (бұдан әрі-»ТХКМ») арқылы уран транзитіне рұқсаты бар, бұл қандай да бір себептермен негізгі маршруттың қолжетімсіздігі қатерін нивелирлеуге ықпал етеді. 100% топқа тиесілі материалдардың бұрынғы және ағымдағы жеткізілімдеріне тікелей Топ пен тағайындалған жердегі материалдарға меншік құқығын алатын соңғы пайдаланушы арасында жасалған уағдаластықтар негізінде рұқсат етіледі. Алайда, басқа серіктестердің қатысуымен Топ компаниялары шығарған қазақстандық уранды ТХКМ алғаш рет пайдалана отырып жөнелту үшін ТХКМ өтетін юрисдикциялар да қажетті құжаттаманы бірінші рет қарайды, бұл тасымалдаудың кешігу қаупін арттырады.

1 Жалпы ережелер (жалғасы)

Басшылық болашақ оқиғалардың, егер бар болса, Топтың қаржылық жағдайына немесе операциялық нәтижелеріне әсерін болжай алмайды. Басшылық Ресейге қарсы санкциялардың Топқа ықтимал әсерін бақылауды жалғастырады және тәуекелдерді азайту үшін барлық қажетті қадамдарды жасайды. Осы аралық қаржылық есептілікті бекіту күніне Қазақстандағы бес уран өндіруші кәсіпорындардағы Топтың серіктесі болып табылатын «Росатом» мемлекеттік корпорациясының тобы санкциялар тізіміне енгізілмеген.

Топ құрылымындағы елеулі өзгерістер

«Каустик» АҚ

2021 жылғы 30 желтоқсанда қоғам мен «Каустик» АҚ мажоритарлық акционерлерінің бірі «Біріккен химиялық технологиялар» сауда үйі ЖШС арасында «Каустик» АҚ акциялар пакетінің 40% сатып алу-сату шарты жасалды. Сату бағасы 1,214 миллион теңгені құрайды, бұл әділ нарықтық құнды тәуелсіз бағалауға негізделген. Сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес иелену үлестерін төлеу және пропорционалды беру бөліп-бөліп жүргізілуі тиіс. 364 миллион теңге мөлшеріндегі бірінші транш 2022 жылғы қаңтарда алынды. 12%-ға тең қарапайым акцияларды қабылдау-тапсыру актісіне 2022 жылғы ақпанда қол қойылды. Қалған бөлігін сатып алушы сатып алу-сату шартына қол қойылған күннен бастап 24 ай ішінде төлеуге тиіс. 2022 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша «Каустик» АҚ-ты инвестиция сатуға арналған активтер құрамында 850 миллион теңге мөлшерінде көрсетілген.

2 Қысқартылған аралық қаржылық есептілікті дайындаудың негізгі қағидаттары

2022 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған үш және тоғыз айдағы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілік 34 «Аралық қаржылық есептілік» халықаралық қаржылық есептілік стандартына (IAS) сәйкес дайындалды.

Осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиттелмеген болып табылады және жылдық қаржылық есептілікте ашылуы қажет барлық ақпаратты қамтымайды. Топ Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дайындалған 2021 жылға арналған аудиттелген жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікте қамтылған ақпаратты (есепке алу саясатының қағидаттары және сомалар немесе құрам бойынша елеулі өзгерістерге ұшырамаған баптар туралы егжей-тегжейлі мәліметтер сияқты) елеулі түрде қайталайтын ақпаратты ашпады.

Басшылық осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікте қамтылған ашылған ақпараттар осы есептілік 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін есептілікпен бірге қаралған жағдайда жеткілікті ақпарат береді деп пайымдайды. Басшылықтың пікірінше, осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікке қаржылық жағдайды, қызмет нәтижелерін, капиталдағы өзгерістер туралы есептерді және Топтың аралық есепті кезеңдердегі ақша қаражатының қозғалысын дұрыс ұсыну үшін қажетті барлық түзетулер енгізілген.

3 Есеп саясатының негізгі қағидаттары

Қаржылық есептілікті дайындау негізі

Қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау кезінде қабылданған есепке алу қағидаттары 2022 жылы Топ қабылдаған стандарттар мен интерпретацияларды қоспағанда, Топтың 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін және тиісті аралық есепті кезең үшін жылдық қаржылық есептілігін жасау кезінде қолданылған қағидаттарға сәйкес келеді:

- Мақсаты бойынша пайдаланғанға дейінгі түсім-тұжырымдамалық негіздерге сілтеме-ХҚЕС (IAS) 16 түзетулері;
- Ауыртпалықты шарттар-ХҚЕС (IAS) 37 және ХҚЕС (IFRS) 3;
- 2018-2020 жылдардағы ХҚЕС жыл сайынғы жетілдірулері-ХҚЕС (IFRS) 1, ХҚЕС (IFRS) 9, ХҚЕС (IFRS) 16 және ХҚЕС (IAS) 41 түзетулері (2020 жылғы 14 мамырда шығарылды және 2022 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдер үшін күшіне енеді).

Жаңа стандарттар 2022 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша Топтың қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер еткен жоқ.

3 Есеп саясатының негізгі қағидаттары (жалғасы)

Маусымдық

Топтың қызметі маусымдық ауытқуларға айтарлықтай тәуелді емес.

Айырбас бағамдары

Осы есептің күніндегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми айырбастау бағамы 2022 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша 1 АҚШ доллары үшін 476.89 теңгемен салыстырғанда 1 АҚШ доллары үшін 462.65 теңгені құрады (2021 жылғы 31 желтоқсан: 1 АҚШ доллары үшін 431.67 теңге). 2022 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз айдағы валюталардың орташа бағамы 1 АҚШ доллары үшін 458.44 теңгені құрады (2021 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін: 1 АҚШ доллары үшін 424.69 теңге). 2022 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған үш айдағы валюталардың орташа бағамы 1 АҚШ доллары үшін 475.34 теңгені құрады (2021 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған үш ай үшін: 1 АҚШ доллары үшін 425.69 теңге).

Табыс салығы

Аралық кезеңдер үшін табыс салығы бойынша шығыстар бүкіл қаржы жылы үшін күтілетін табыс салығының қолданыстағы есептік орташа мөлшерлемесіне негізделеді.

4 Есеп саясатын қолданудағы маңызды есептік бағалаулар мен кәсіби пайымдар

Аралық қаржылық есептілікті дайындау басшылықтан есеп саясатын қолдануға және активтердің, міндеттемелердің, кірістер мен шығыстардың танылған сомаларына әсер ететін пайымдауларды қалыптастыруды және есептік бағалаулар мен жорамалдарды пайдалануды талап етеді. Нақты нәтижелер пайдаланылған есептік бағалаудан өзгеше болуы мүмкін. Басшылықтың қолданылатын есеп саясатына қатысты елеулі пайымдаулары және осы қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде пайдаланылған бағалаулардағы белгісіздіктің негізгі көздері ХҚЕС-қа сәйкес дайындалған Топтың 2021 жылға арналған жылдық есептілігіндегі ұқсас пайымдауларға және көздерге сәйкес келеді.

«Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ
Қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер
2022 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған үш және тоғыз айға

5 Сегменттік ақпарат

2022 жылғы 30 қыркүйекте және 2021 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз айдағы есеп беру сегменттері туралы ақпарат төмендегі кестеде келтірілген:

Қазастандық миллион теңгеммен	Уран		ҮМЗ		Өзгесі		Элиминация		Барлығы	
	2022 жылғы 30 қыркүйек	2021 жылғы 30 қыркүйек	2022 жылғы 30 қыркүйек	2021 жылғы 30 қыркүйек	2022 жылғы 30 қыркүйек	2021 жылғы 30 қыркүйек	2022 жылғы 30 қыркүйек	2021 жылғы 30 қыркүйек	2022 жылғы 30 қыркүйек	2021 жылғы 30 қыркүйек
Сыртқы түсім	681,802	281,572	74,450	35,926	23,295	13,813	13,813	-	779,547	331,311
Басқа сегменттерден түсетін түсім	5,076	1,894	4,451	3,453	51,542	37,524	37,524	(61,009)	-	-
Сапудың өзіндік құны	(364,623)	(176,786)	(59,574)	(27,135)	(69,086)	(45,536)	(45,536)	50,161	(443,122)	(213,543)
Жалпы пайда	322,195	104,680	19,327	12,244	5,751	5,801	5,801	(10,848)	336,425	117,768
Құрсыданудан болатын таза шығын / құрсызданудан болатын шығынды қалпына келтіру	-	(1,004)	(26)	(22)	177	1,373	1,373	7	158	347
Құрылымдасқан және бірлескен кәсіпорындар негіздеріндегі үлес	61,633	17,574	(2,705)	(1,356)	931	931	931	-	59,859	17,149
Бағамдық айырма бойынша таза пайда / (шығын)	16,100	1,894	1,422	209	21	7	7	-	17,543	2,110
Қаржылық кірістер	13,069	5,086	413	117	686	270	270	-	14,168	5,471
Қаржылық шығыстар	(4,650)	(4,337)	(1,599)	(291)	(183)	(131)	(131)	81	(6,351)	(4,625)
(Шығыстар) / Табыс салығы бойынша үнемдеу	(71,067)	(20,734)	(3,471)	(1,889)	(798)	(319)	(319)	-	(75,336)	(22,942)
Кезеңдегі пайда	299,721	74,030	9,033	4,745	386	3,074	3,074	(2,857)	306,283	78,836
Тозу және амортизация	(48,499)	(34,227)	(1,598)	(1,371)	(3,243)	(3,557)	(3,557)	2,448	(50,892)	(38,595)

«Қазатомнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ
Қысқартылған аралық шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер
2022 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған үш және тоғыз айға

5 Сегменттік ақпарат (жалғасы)

2022 жылғы 30 қыркүйекке және 2021 жылғы 31 желтоқсанға есепті сегменттер бойынша ақпарат төмендегі кестеде келтірілген:

	Уран		ҮМЗ		Өзгесі		Элиминация		Барлығы	
	2022 жылғы 30 қыркүйек	2021 жылғы 31 желтоқсан	2022 жылғы 30 қыркүйек	2021 жылғы 31 желтоқсан	2022 жылғы 30 қыркүйек	2021 жылғы 31 желтоқсан	2022 жылғы 30 қыркүйек	2021 жылғы 31 желтоқсан	2022 жылғы 30 қыркүйек	2021 жылғы 31 желтоқсан
Қазақстандық миллион теңгеммен										
Қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар	159,152	142,920	-	2,705	10,002	9,070	-	-	169,154	154,695
Есепті сегменттер активтерінің жиынтығы	2,224,717	2,061,161	136,538	111,224	85,757	77,142	(303,768)	(299,236)	2,143,244	1,950,291
Сатуға арналған ретінде жіктелетін шығатын топтардың активтері	-	-	-	-	850	1,213	-	-	850	1,213
Барлық активтер	2,224,717	2,061,161	136,538	111,224	86,607	78,355	(303,768)	(299,236)	2,144,094	1,951,504
Есепті сегменттер міндеттемелерінің жиынтығы	833,493	657,916	56,913	36,630	22,643	19,057	(304,201)	(299,200)	608,848	414,403
Сатуға арналған ретінде жіктелетін шығатын топтардың міндеттемелері	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Барлық міндеттемелер	833,493	657,916	56,913	36,630	22,643	19,057	(304,201)	(299,200)	608,848	414,403
Күрделі шығындар	37,951	45,096	2,068	3,631	3,611	4,791	-	-	43,630	53,518

Күрделі шығындар қаржы құралдарынан, кейінге қалдырылған салық активтерінен, еңбек қызметі аяқталғаннан кейінгі сыйақылар жоспарының активтерінен және сақтандыру шарттары бойынша туындайтын құқықтардан ерекшеленетін ұзақ мерзімді активтердің түсуін білдіреді.

(Ә) Өнімдер мен қызметтер бойынша кірістерді талдау

Топтың кірісі 7-ескертпеде өнімдер мен қызметтер бойынша талданады. Қаржылық кірістер мен шығыстар туралы ақпарат 14-ескертпеде ұсынылған.

5 Сегменттік ақпарат (жалғасы)

(е) Географиялық ақпарат

Топтың негізгі активтері Қазақстан Республикасында басым орналасқан. Тапсырыс беруші орналасқан ел негізінде елдер арасында Топ сатылымдарының бөлінісі мынадай болды:

Қазақстандық миллион теңгемен	Аяқталған тоғыз ай үшін	
	2022 жылғы 30 қыркүйек (аудиттелмеген)	2021 жылғы 30 қыркүйек (аудиттелмеген)
Қытай	191,209	105,565
Ұлыбритания	134,361	54,973
Канада	105,191	57,349
АҚШ	90,141	61,273
Қазақстан	83,739	16,211
Ресей	80,707	6,895
Франция	55,962	16,255
Германия	14,811	2,229
Өзге елдер	23,426	10,561
Шоғырландырылған түсімнің жиынтығы	779,547	331,311

Ең ірі клиенттер

Топтың жалпы бақылауында үлесіне 2022 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай ішінде 235,595 миллион теңге (2021 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай ішінде: 94,566 миллион теңге) көлемінде Топтың шоғырландырылған кірісінің 10% - дан астамы тиесілі клиенттер тобы бар. Бұл түсім «Уран» сегменті бойынша көрсетіледі.

